

**Циолковский атындағы №84 жалпы орта білім беретін мектеп**

**Директор жаңындағы кеңес  
Желтоқсан**

*Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы*

ДТІЖО: Ахметова Р.А.

2022-2023 оқу жылы

## **Циолковский атындағы № 84 жалпы орта білім беретін мектеп.**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы.

Мектебімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ішаралардың жоспары жасалып, жұмыстары жүргізіліп отыр. Сынып жетекшілері 1-11 сынып оқушылары арасында кез келген мерекелік ішараларға, мектепке қажетті кеңсе заттары мен шаруашылық заттарын сатып алу және тағы басқа мақсатта ата-аналардан, ата-аналар комитеті атынан заңсыз ақша жинауға қатаң тиым салынған. Ата-аналардан ақша жинау жағдайларына жол берген мұғалімдерге, сынып жетекшілеріне, тәрбиешілерге тиісті шара қолданылады. Мектепте заңсыз ақша жинауға тиым салу мәселесі бойынша білім беру мекемелерінің педагогтар ұжымы және ата-аналар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізген.

Шымкент қаласы бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет» департаментінің 2022 жылдың 18 тамызындағы №1-3/3556 хатына сәйкес мектебімізде 5-11 сыныптар арасында «Адалдық сағаттары» тәрбие сағаты, түсіндірме жұмыстары өткізілді.

Мектебімізде сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы тақырыбында оқушылар арасында жиын өткізілді. «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында 11-сыныптар арасында, 9-сынып оқушылары арасында «Ар-намыс, ұят адамдықтың белгісі» тақырыбында дөңгелек ұстел өткізілді. «Ой тазалығы – жан тазалығы» психологиялық тренинг 5-7 сыныптар арасында өткізілді. Малтан Нургүл 9 б-сынып оқушылары арасында «Адалдық адамдықтың белгісі», Сиязбаева Айжан 9ә-сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті» тақырыбында, Қалмурзаева Назира 10а-сынып оқушылары арасында «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында ашық тәрбие сағаттарын өткізіп, әлеуметтік желіге жариялады. «Балалық шақты бірге қорғайық» 5-сыныптар арасында адалдық сағаты өткізілді. Оқушылар бойында ар-ұят, жауапкершілік, адалдық пен адамгершілік, қасиеттерін қалыптастыруға ерекше көніл бөлінді.

Ұсыныс: Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу бойынша бақылауды қүшетту.

Орындаған: ДТІЖО Р.Ахметова